



Наименование области: город Нур-Султан

Наименование суда: Верховный Суд Республики
Казахстан (Кассационная
инстанция)

Отправитель: МЫРЗАЛИПОВ БАКЫТЖАН
МЫРЗАЛИПОВИЧ

ПИСЬМО

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Ж. Асановқа
(сот кабинеті арқылы)

Шымкент қалалық сотының төрағасы
Е. Рахымбековке
(сот кабинеті арқылы)

Шымкент қаласы Абай
аудандық сотының төрағасы
Д. Мұратбекұлына
(сот кабинеті арқылы)

Азамат: Мырзалипов Бакытжан
Мырзалиповичтен
Шымкент қаласы, Ынтымақ шағын ауданы, №31 үй

А Л Ф Ы С Х А Т

Шымкент қаласы Абай аудандық сотының судьясы М.Кудайбергенова, сондай-ақ, Шымкент қалалық сотының судьялары Г.Ертаев, Т.Смайлова және Н.Биболовқа сот төрелігін жүзеге асыру кезінде азаматтық істі қарауда көрсеткен жоғары кәсіби біліктілігіне және шеберлігіне, сонымен қатар, әділдік, объективтілік және заңдылық қағидаттарын қатаң ұстанатыны үшін өз алғысымды білдіргім келеді. Конституция мен заңдарды басшылыққа алып, заңды, әрі әділ шешім жариялау әрбір судьяның басты міндеті болып табылады. Дегенмен кез-келген судья үшін іс жүргізуіндегі әрбір істің нүктесін қою оңай болмасы сөзсіз, өйткені, туындаған құқықтық дау екі тараптың да пайдасына оң шешілуі мүмкін емес,

Подписал(а) МЫРЗАЛИПОВ БАКЫТЖАН МЫРЗАЛИПОВИЧ



әрқашан да бір тараптың талабы қанағаттандырылса, екінші тарап шығарылған сот шешімімен келіспей, апелляциялық шағым келтіріп, судьяның әрекетінен кінә іздеп жатады. Алайда, сот шешімімен келіспеген тараптың пікірі негізінде судьялардың атқарған жұмысын ащы сынға алуға да болмайды. Оның дәлелі ретінде қысқаша тоқталсам, Шымкент қаласының Абай аудандық сотына Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 29-тарауына сай берген шағымым судья М.Кудайбергеновамен жан-жақты, толық және объективті түрде қаралып, 2021 жылғы 07 сәуірдегі сот шешімі негізінде шағым қанағаттандырылып, мемлекеттік мекеменің әрекеті заңсыз деп танылып, бұзылған құқықтарым қалпына келтірілді.

Аталған сот шешімімен жауапкердің сенімді өкілі келіспей, бірінші сатыдағы сот ұсынылған дәлелдемелерге дұрыс баға бермей, істі біржақты шешкенін көрсете келе, шешімнің күшін жойып, талап қою арызын қанағаттандырудан бас тартуды сұрап, апелляциялық шағым келтірген.

Апелляциялық сот алқасы бірінші сатыдағы сотпен іс үшін маңызы бар мән-жайлар ауқымы дұрыс айқындалғанын және толық анықталғанын, материалдық заң нормалары дұрыс қолданылғанын, процестік заң нормалары бұзылмағанын көрсетіп, бірінші сатыдағы сот шешімі заңды және негізді, оның күшін жоюға немесе өзгертуге ешқандай негіз жоқ деп тауып, 2021 жылғы 08 маусымдағы сот қаулысымен бірінші сатыдағы сот шешімі өзгеріссіз, ал, жауапкер өкілінің апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдырылған.

Осы орайда, судья М.Кудайбергенованың азаматтық сот ісін жүргізу барысында өзін әдепті түрде ұстауы, тараптарға өз ұстанымдарын жүзеге асыру үшін жарыспалылығы мен тең құқықтылығын сақтауға мүмкіндік беруі, объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, процеске басшылықты жүзеге асыруы, істің мән-жайларын толық және объективті зерттеуге арналған процестік құқықтарды іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасауы, істің мән-жайларын талқылауы және тараптарға өз құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесуін ерекше атап өткім келеді.

Сонымен қатар, бас маман - сот отырысының хатшылары Н.Тағаева мен А.Киясбекованың өз ісінің кәсіби маманы екенін және өзіне жүктелген функционалдық міндеттерді жоғары деңгейде жүзеге асырғанын, оның ішінде тараптарды сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы дер кезінде хабарлау, азаматтық іс бойынша жауапкер өкілі келтірген қарсы пікірмен және апелляциялық шағыммен уақтылы таныстыру, сот отырысын қашықтықтан бейнеконференцбайланыс арқылы ешбір кедергісіз қосу, іс бойынша шыққан сот актілерін уақтылы жолдауын атап өткім келеді.

Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау, жүзеге асыру, заңды білмеушіліктен күнделікті өмірде кездесіп жататын келеңсіздіктерге амалсыз ұрынған жандарға заң аясында қол ұшын беру – сот жүйесінде қызмет атқарып жүрген әрбір судьяның кәсіби міндеті және азаматтық борышы.

Мұндай судьялар азаматтардың сот төрелігіне деген сенімін арттырып, оны одан әрі нығайта түседі, бұл өз кезегінде халықтың сот билігіне деген жоғары бағасы деп есептеймін.

Қорытындылай келе, Сізге және Сіз басқарып отырған ұжымға сәттілік, жұмыстарына толағай табыс,

Подписал(а) МЫРЗАЛИПОВ БАКЫТЖАН МЫРЗАЛИПОВИЧ



отбасыларына амандық, дендеріне саулық, қызметте биіктерден көрінуді, әрқашан абыройлы және құрметке лайықты тұлға болып қалуын тілеймін.

Құрметпен: Б. Мырзалипов



Подписал(а) МЫРЗАЛИПОВ БАКЫТЖАН МЫРЗАЛИПОВИЧ

